

Рүстембекқызы Жансаяның «Жүктілік алдындағы семіздікпен ауыратын жүкті әйелдерде қабыну медиаторлары мен темір алмасуының молекулалық маркерлерінің қауымдастығы» тақырыбындағы философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған

8D10100 – «Медицина» мамандығы бойынша диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

ШІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p><u>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</u></p>	Диссертациялық жұмыс ғылыми тақырып аясында орындалған. Зерттеу барысында алынған нәтижелер мен көтерілген ғылыми мәселе Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің стратегиялық даму жоспарында көрсетілген ана мен баланың денсаулығын қорғау, перинаталдық асқынулардың алдын алу, аналар арасындағы сырқаттанушылық пен өлім-жітім деңгейін төмендету мақсаттарына толық сай келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	Жұмыстың ғылыми жаңалығы мен алынған нәтижелер ғылымға елеулі үлес қосады, себебі жүктілікке дейін семіздігі бар әйелдердегі анемияның дамуын болжауға арналған молекулалық маркерлер негізіндегі прогностикалық модель қолдану арқылы темір

			алмасуы мен қабыну үдерістерінің патогенезін терең түсінуге мүмкіндік береді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	Диссертант барлық клиникалық материалды өз бетінше жинап, өңдеп, статистикалық талдау жасап, нәтижелерді жалпылап, сипаттамасын дайындаған. Ол диссертациялық жұмыстың барлық тарауларын өздігінен жазып, ресімдеген, және оның ғылыми мақалалары 4 жарияланымда, соның ішінде Scopus мәліметтер базасына енген рецензияланатын журналда жарияланған.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) төмен;	
		4) өзі жазбаған.	
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Жүктілікке дейін семіздігі бар әйелдердегі анемия – қазіргі таңдағы маңызды медициналық және әлеуметтік проблема. Бұл патология аналар мен ұрықтың денсаулығына елеулі қауіп төндіреді, жүктілік ағымына және перинаталдық нәтижелерге тікелей әсер етеді. Семіздік пен анемияның қатар кездесуі жүктілік кезінде қабыну белсенділігінің артуымен, темір алмасуының бұзылуымен және оттегі тасымалдау жүйесінің жеткіліксіздігімен сипатталады. Мұндай патологиялық үйлесім жиі жағдайда ұрықтың гипоксиясы,
		1) негізделген;	
		2) ішінара негізделген;	
		3) негізделмеген.	

			<p>шала туу, шала жетілгендік, плацентарлық жеткіліксіздік, сондай-ақ босану кезіндегі асқынулардың дамуымен қатар жүреді. Сондықтан бұл мәселені ерте диагностикалау және оны басқару – ана мен бала денсаулығын қорғауда аса өзекті.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <p>1) айқындайды;</p> <p>2) ішінара айқындайды;</p> <p>3) айқындамайды.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны тақырыпқа толық сәйкес келеді. Жұмыста жүктілікке дейін семіздігі бар әйелдерде дамиды анемияның патогенезі жан-жақты зерттеліп, оның диагностикасы мен болжауына арналған молекулалық маркерлердің (гепсидин, интерлейкин-6, С-реактивті ақуыз, ферритин, эритропоэтин, дене салмағының индексі) деңгейлері мен өзара байланыстары анықталған. Бұл зерттеу нәтижелері клиникалық практикада анемияны ерте анықтап, жүктіліктің үшінші триместріндегі асқынулардың алдын алуға мүмкіндік береді.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) сәйкес келеді;</p> <p>2) ішінара сәйкес келеді;</p>	<p>Диссертацияда қойылған мақсат нақты және зерттеу тақырыбымен толық сәйкес келеді. Алға қойылған міндеттер</p>

	3) сәйкес келмейді.	зерттеу мақсатына жетуге бағытталған және жүйелі түрде орындалған.
4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	1) толық байланысқан;	Диссертация құрылымы логикалық тұрғыдан үйлесімді. Әр бөлім өзара сабақтас, тақырып аясында жүйелі түрде өрбіген. Материалдар мен әдістер нақты көрсетілген, алынған нәтижелер жүйелі түрде сипатталып, қорытындылармен байланыстырылған. Жұмыстың жалпы құрылымы ғылыми жұмысқа қойылатын талаптарға сай келеді.
	2) ішінара байланысқан;	
3) байланыс жоқ.		
4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	1) сыни талдау бар;	Диссертациялық жұмыста автор жаңа ғылыми шешімдер мен практикалық ұсыныстар енгізген. Атап айтқанда, жүктілікке дейін семіздігі бар әйелдерде анемияны болжауға арналған жаңа прогностикалық модель әзірленіп, гепсидин, интерлейкин-6, С-реактивті ақуыз, ферритин және эритропоэтин сияқты молекулалық маркерлердің диагностикалық мәні зерттелген. Бұл тәсіл жүктіліктің III триместрінде асқыну қаупін ерте анықтауға мүмкіндік береді және денсаулық сақтау саласындағы алдын алу
	2) талдау ішінара жүргізілген;	
	3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
4) талдау жоқ.		

			шараларын жетілдіруге бағытталған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Зерттеу нәтижелері жаңа және бұрын зерттелмеген тақырыпқа арналған. Гепсидин, интерлекин-6, С-реактивті ақуыз, ферритин және эритропозтин секілді молекулалық маркерлер мен қабыну медиаторлары деңгейлері мен анемияның дамуымен байланысы алғаш рет жүктілікке дейін семіздігі бар әйелдер арасында кешенді түрде зерттеліп, жаңа мәліметтер алынған.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Жұмыста ұсынылған қорытындылар алғаш рет ғылыми айналымға енгізіліп отыр. Олар зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне толық сай келеді және клиникалық тәжірибеге енгізуге болатын практикалық маңызы бар.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Қолданылған зерттеу әдістері мен алынған шешімдер қойылған мақсаттарға жету үшін ғылыми негізделген. Жұмыста заманауи зертханалық әдістер (ELISA) мен статистикалық талдаудың (регрессиялық анализ) дәлелді тәсілдері қолданылып, алынған нәтижелер нақты клиникалық
1) толығымен жаңа;			
2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);			
3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).			

			интерпретациямен күшейтілген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыстың барлық негізгі тұжырымдары алынған нақты нәтижелерге негізделген және статистикалық талдау арқылы дәлелденген. Жұмыс болжам немесе субъективті пікірге емес, ғылыми негізделген деректерге сүйеніп жасалған. Қорытындылар арасында қайшылық жоқ, олар бір-бірімен қисынды байланысты.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p>	Негізгі тұжырым – жүктілікке дейін семіздігі бар әйелдерде анемияның дамуында гепсидин, интерлейкин-6, С-реактивті ақуыз, ферритин және эритропоэтин маркерлерінің рөлі, олардың өзара байланысы мен диагностикалық мәні. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде алғаш рет осы маркерлердің деңгейлеріндегі өзгерістер анықталып, анемия дамуының патогенетикалық механизмдері сипатталған. Алынған нәтижелер жаңа, тәжірибеде қолдануға жарамды және

		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	теориялық жағынан негізделген.
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Зерттеу методологиясы заманауи зертханалық және статистикалық әдістерге сүйене отырып құрылды. ELISA әдісі арқылы гепсидин, интерлейкин-6, ферритин секілді маркерлер анықталды. Статистикалық талдау нәтижелері (логистикалық регрессия, ROC-талдау) диссертацияның ғылыми тұжырымдарын жоғары деңгейде дәлелдеп отыр.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	Жұмыста қолданылған әдістемелер – қазіргі клиникалық практикада және ғылыми зерттеулерде кеңінен қолданылатын заманауи зертханалық (ELISA), биохимиялық және статистикалық (SPSS) әдістер. Бұл зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен дәлдігін қамтамасыз етеді.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер	Жұмыста ұсынылған патогенетикалық модель және маркерлер арасындағы өзара байланыс статистикалық тәсілдермен (логистикалық регрессия, ROC-анализ)

		педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	дәлелденген. Бұл модель жүктілікке дейін семіздігі бар әйелдердегі анемияны болжау үшін клиникалық тұрғыдан қолдануға ұсынылады.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Автордың барлық негізгі тұжырымдары ғылыми негізделген және дәлелді дереккөздермен (PubMed, Scopus, ВОЗ, клиникалық хаттамалар және жетекші халықаралық журналдар) расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Диссертацияда 193 ғылыми әдебиет көзі қолданылған, олардың ішінде соңғы 5 жылда жарық көрген шетелдік және отандық жоғары импакт-факторлы басылымдар бар. Әдебиеттер тізімі ғылыми талаптарға сай және жеткілікті.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыс теориялық тұрғыдан маңызды, себебі алғаш рет жүктілікке дейін семіздігі бар әйелдерде анемияның дамуына әсер ететін қабыну және темір алмасу маркерлерінің өзара байланысы ғылыми негізде сипатталған. Бұл патогенезді кеңірек түсіндіруге үлес қосады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді	Жұмыстың нәтижелері тәжірибеде қолдануға ыңғайлы, әсіресе жүкті

		практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	әйелдер арасындағы анемияны ерте диагностикалау мен болжау мақсатында. Бұл перинаталдық асқынулардың алдын алуға және ана мен бала денсаулығын жақсартуға бағытталған.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Жұмыста ұсынылған тәсілдер мен ұсыныстар бұрын қолданылмаған, олар жүктілікке дейін семіздігі бар әйелдерде анемияның даму қаупін болжауға және емдеу тактикасын нақтылауға мүмкіндік береді.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Диссертацияда материалдар ғылыми стильде жазылған, құрылымы жүйелі және академиялық талаптарға толық сәйкес келеді. Қорытындылар нақты, мазмұны терең, грамматикалық және стилистикалық жағынан сауатты ресімделген.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер	Диссертациялық жұмыс мазмұны жағынан толық, құрылымы жүйелі және ғылыми талаптарға сай жазылған. Маңызды ескертулер жоқ.	
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр	Диссертациялық жұмыс зерттеу нәтижелері негізінде жазылған ғылыми мақалалармен қамтамасыз етілген. Докторанттың 4 ғылыми жарияланымдары бар, оның ішінде Scopus базасына енген шетелдік рецензияланатын журналда жарияланған мақаласы зерттеу нәтижелерінің халықаралық деңгейдегі	

	мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	ғылыми маңыздылығын көрсетеді. Мақалаларда зерттеу тақырыбы мазмұнды түрде ашылған және диссертациямен тығыз байланысты.	
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	<u>Диссертациялық жұмыс философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға сәйкес келеді.</u> <u>Зерттеу өзектілігімен, ғылыми жаңалығымен және практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді.</u> <u>Қойылған мақсаттар мен міндеттер орындалған, нәтижелер нақты және дәлелді.</u> <u>Жоғарыда келтірілгендердің негізінде Рүстембекқызы Жансаяға 8D10100 - «Медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру ұсынылады.</u>	

PhD докторы, профессор,
№1 акушерия және гинекология
кафедрасының меңгерушісі,
«Астана медицина университеті» КеАҚ,
Астана қаласы акушер-гинекологтар
федерациясының төрағасы,
Астана қаласы Қоғамдық денсаулық
сақтау басқармасының
бас акушер-гинекологы,
Астана қ., Қазақстан Республикасы

« 15 » 05 2025ж



Хамидуллина Зайтуна Гадилловна

